

"Жаңаарқа ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшерін бекіту туралы" Жаңаарқа аудандық мәслихатының шешімі

Күшін жойған

Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2026 жылғы 26 мамырдағы № 43/241 шешімі. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 2026 жылғы 17 маусымдағы № 45/250 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жаңаарқа аудандық мәслихатының 17.06.2026 № 45/250 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3 бабының 1 тармағына, сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Жаңаарқа аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Жаңаарқа ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері айына - тұрғын үйдің 1 м² алаңына 0,01 АЕК көлемінде бекітілсін;

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Ю.Бекқожин